

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы сынып жетекшілердің әдістемелік отырысы

Хаттама №3

Күні: 24.01.2025ж.
Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері

Күн тәртібі:

1. 5-сыныптардың II-тоқсанда жүргізілген тәрбие жұмыстарының орындалуы- Г. Б. Оналбаева тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
2. Қысқы каникул іс-шарасы- Ж. Оразалина педагог-ұйымдастырушы
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жобалардың жүргізілуі- Г. Б. Оналбаева тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Тыңдалды:

5-сыныптардың II-тоқсанда жүргізілген «Біртұтас тәрбие» жұмыстарының орындалуы жайында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева таныстырып өтті. І. Есенберлин атындағы № 67 гимназияда "Бала құқығы-адам құқығы" Республикалық онкүндігі аясында "Әр баланың құқығы бар" тақырыбында шығармашылық жұмыс 5 сынып оқушылары арасында өтілді. Мақсаты: Әр баланың өзінің құқықтық сауаттылықтарын арттыру, қоғамның заңдары мен нормаларын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.



2024 жылдың қараша айында 5-сыныптар арасында "Спорт – денсаулық кепілі" флешмобы ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында барлық қатысушылар ерекше жігермен, көтеріңкі көңіл-күймен өз белсенділігін көрсетті. Спорт – тек денсаулық емес, сонымен қатар жақсы көңіл-күй, мықты достық, және жаңа жетістіктерге апарар жол!

- Денсаулықты нығайтамыз
- Жақсы әдеттер қалыптастырамыз
- Белсенді өмір салтын қолдаймыз

Спортпен айналысып, өз болашағыңызды жарқын етіңіз!



2024 жылдың 29 қараша күні "БІРТҰТАС ТӘРБИЕ" аясында "Бақытты отбасы" жобасының "Бала жетістігі- отбасы мерейі" тақырыбында 5-сынып ата- аналарға арналған отбасылық іс- шара өткізілді. Іс- шараны ұйымдастырушы тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Оналбаева Г. Б. отбасы мен мектептің өзара бірлескен тәрбие құндылықтарын бала бойына дарыту мақсатында жүргізді.



2. Педагог-ұйымдастырушы Ж. Оразалина қысқы каникул іс-шарасы туралы таныстырып өтті.

	Жұмыстың мазмұны	Өткізілу мерзімі	Жауаптылар
1.	«Жеке қауіпсіздік» оқушыларды қысқы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	23-27.12.2024.	1-11 сынып жетекшілері
2.	«Қысқы табиғат» әңгіме құрастыру. Бейнеролик түсірілім- 1-2 сыныптар	03-06.01.2025.	1-2 сынып жетекшілері
3.	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Kitap.kz онлайн кітапхана 2-6 сыныптар	30.12-08.01.	Кітапханашылар, 2-6 сынып жетекшілері
	«Қысқы ертегі» онлайн сурет көрмесі 3-4 сыныптар	03-06.01. 2025	3-4 сынып жетекшілері
4.	«Ұлттық ойын- ұлттық қазына» 5-7 сыныптар	03-06.01.2025	Дене тәрбиесі мұғалімдері
5.	«Жетістігім-еліме қосқан үлесім» бейнеролик 5-11 сыныптар	03-06.01.2025	Ж. Оразалина, мектеп парламенті
6.	«Мектеп парламентінің І-жартыжылдық жұмысының есебі	06.01.2025.	Б. Молдаш, мектеп парламенті
7.	Салауатты өмір- денсаулық кепілі» спорттық ойындар	03-06.01.2025	Дене тәрбиесі мұғалімдері
8.	Астана-мәдениет пен өнер ордасы танымдық сағаты	03-06.01.2025.	7-10 сынып жетекшілері

3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жобалардың жүргізілуі жайында Г. Б. Оналбаева тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары таныстырды.
2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» аясындағы жобалар

	Жобаның атауы	Мақсаты	Жетекшілері
1.	«Қамқор»	Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу	Сисенғалиева С.К. Мырзамұрат Ж.
2.	«Еңбегі адал - жас өрен»	Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу	Қамбаров Абылай Мақсат Перизат Жусупова Анар
3.	«SMART BALA»	Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу	Әлімкүл Айгүл, Сәрсембаева Бота
4.	«Шабыт»	Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу	Калиева А. Әбет Елена,
5.	«Ұшқыр ой алаңы» «РУХ» дебат қозғалысы	Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу	Абдурахманова А. Жұманазарова Ж. Елтай Рамазан
6.	«Балалар кітапханасы»	Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру	Әмитова Ж. Сағындықова Д. Омарова М.
7.	«Адал ұрпақ» жобасы	Адал, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.	Жорабаева Ж. Нұрғалиқызы Айшуақ
8.	«AQ-NIET» қыздар клубы	Қыз бала тәрбиесіндегі құндылықтарды дәріптеу. Отбасы тәрбиесе мен мектептегі тәлім-тәрбиені ұштастыруға баулу.	Қожан Г. Серік Аружан
9.	«Шеңбер» ашық диалог алаңы	Ата-аналармен жүргізілетін ашық алаң. Мұғалім мен ата-ана арасындағы сұхбат.	Оналбаева Г.
10	«Ұстаздар клубы»	Ұстаздар арасында кітап оқу дәстүрін қалыптастыру. Шығармашылықтарын дарыту.	Смагулова С. Сейсембаева Анар Сағындықова Д.
11.	«Бақытты отбасы» жобасы	Отбасылық тәрбиенің құндылықтарын бала бойына дарытуда бірлескен тәрбие жұмыстары.	Оналбаева Г.
12.	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы	Ата-аналарға арналған педагогикалық-психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу	Тәрбие орынбасары, 1-11 сынып жетекшілері
13.	«Жасыл ел» тобы	Мектеп ауласын көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жандандыру.	Нұртай Г.

21.11.2024 «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша «Жас өрендер» зияткерлік ойыны І.Есенберлин атындағы №67 гимназияның барлық 7-сыныптар арасында ұйымдастырылып өткізілді. «Жас өрендер» зияткерлік ойының негізгі мақсаты оқушылардың интеллектуальды ой-өрісін білім деңгейін, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіріп, болашақ көшбасшы ретінде дамыту және қалыптастыру. Зияткерлік ойын І. Кім жылдам?ІІ. Жүйрік ой, ІІІ. Әлем, ІV. Жеті жұмбақ, V. Мақал-мәтел, -VI. Тіл-өнер атты ұяшық бойынша сұрақтардан тұрды. 7- сынып оқушыларын «Достық», «Еңбек», «Көшбасшы» атты топтармен топтастырылып өзара білім жағынан сайыс өткізіліп, балалар өз ойларын, білімдерін ортаға салып белесене қатысты.




«Қамқорлық жобасы аясында» қараша айының 27 күні мектеп парламенті мен оқушылар Қарттар үйіне арнайы барып, үлкендерге құрмет көрсетті. Концерттік бағдарлама мен арнайы сыйлықтарымыз арқылы қарттарымыздың көңілін көтердік. Ата-әжелерімізбен жылы әңгіме-дүкен құрып, олардың өмірлік тәжірибелерінен сыр шертті.



«Біртұтас тәрбие» аясында бойынша Илияс Есенберлин атындағы 67 гимназияда «Шабыт» жобасы әрбір айда жоспарланған іс шаралар жүйелі өткізіліп отырады. Атап айтқанда, гимназиямызда 26 қыркүйек күні ақын, композитор, ұстаз Сүлейменов Оспан қажы Сүлейменұлымен шығармашылық кездесу өтті.



2024 жылғы 28 қараша күні І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясында “AQ-NiET” қыздар клубының ұйымдастыруымен “Ә.Кекілбаев шығармаларындағы қазақ қыздарының бейнесі” тақырыбында әдеби-танымдық бас қосу өтті. Іс-шараның мақсаты – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы қазақ қыздарының бейнесін талдап, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін таныту, қазіргі заман қыздарының бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеу. “AQ-NiET” қыздар клубының жетекшісілері : Қожан Г.Ж. Серік Аружан



Хатшы: Б. Молдаш